

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ



**АТА-АНАҒА
КӨЗ ҚҰАНЫШ**



*Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық қорық-музейі*

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы

АТА-АНАҒА КӨЗ ҚУАНЫШ

**Қаламгер
Алматы 2018**

ББК 821.512.122-93

ҚБЖ (84Қаз-5)

A13

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.

Құрастырушылар: Б. Ахмер, М. Абламбаева. «Ата-анаға көз қуаныш». Алматы./«Қаламгер» баспасы, 2018. – 30 бет.

ISBN ISBN 978-601-03-0533-5

Бұл жинаққа ұлы ақын Абай Құнанбайұлының мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп шәкірттерінің қабылдауына лайықты өлеңдері іріктеліп алынды. Оқу мен білім, өнер мен еңбек және туған жердің табиғаты туралы жауһар жырлардың жас ұрпаққа берер терең тәрбиелік өнегесі мол.



Еңбек балаларға, ата-аналар мен ұстаздарға, барша әдебиетсүйер қауымға арналған.

ББК 821.512.122-93



ҚБЖ (84Қаз-5)

ISBN 978-601-03-0533-5

© Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі, 2018
© Қаламгер, 2018



ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ...



**Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.**

**Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тындаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.**

**Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?..**





**Ата-анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі...**

**Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де – бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!**

**Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат¹ кімде бар,
Сол жарасар туғанға.**

**Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.**

¹ Шапқат, шафхат (арабша) – аяу, рақым ету





**Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.**

**Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып,
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып...**

**Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз...**





**Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.**

**Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.**





**Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін...**



**Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.**

**Жүрегі – айна, көңілі – ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?..**





**Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржан,
Болымсыз қылжан,
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.**





ЖАЗҒЫТҰРЫ ҚАЛМАЙДЫ ҚЫСТЫҢ СЫЗЫ...



ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай² бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды...

² *Ұшпадай – шашыранды бұлт.*



ЖАЗҒЫТҰРЫ

**Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.**

**Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайрандасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбандасар өзінің тұрғысымен.**

**Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.**

**Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су...**



ЖАЗ

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,



**Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
...Білімділер сөз айтса,
Бәйге атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап...**



КҮЗ

**Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.**

**Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.**



ҚАРАША, ЖЕЛТОҚСАН МЕН СОЛ БІР-ЕКІ АЙ



Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай.
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Ықтырма мен күзеуде отырар бай.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.



Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда о да азынап.

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.




АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНЕН...



ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗІ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақүй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе



де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны.



Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп, көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.



АБАЙДЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІНЕН

Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ.

Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі.

Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың.



Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екіншісі – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшіншісі – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртіншісі – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек.

Адам баласына адам баласының бәрі – дос.



Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім. Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым.

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты да жоқ.



Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.

Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

Мінез – ақыл мен ғылымды сақтайтын сауыт. Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.





Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.



Өз қайратыңа сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.

Биік мансап – биік жартас: ерінбей еңбектеп жылан да шығады; екпіндеп ұшып қыран да шығады.





МУРАЖАЙДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР





ЕР



АСАТАЯҚ



АҒАШ ҚҰТЫ



ТОРСЫҚ ПЕН ҚҰТЫ



ШОҚПАР



АЙБАЛТА



КЕБЕЖЕ



САНДЫҚША



ШЫНЫАЯҚҚАП



ҚҰРСАУЛАНҒАН КЕСЕ



ЕТ ТАБАҚ



КІСЕ БЕЛБЕУ



ШШПЕК



ҚОБЫЗ



ТҰМАР ДОМБЫРА



СЫБЫЗҒЫ



БИК АСАДАЛ

АБАЙ ІЗІМЕН...



АҚЫНҒА СЫР

**Тербетіліп түнгі ызғарға,
Қосылғандай мұңға мұң.
Жымындаған жұлдыздарға,
Ұқсайды, Абай, жырларың.**

**Қолын бұлғап шаттық арман,
Барады ұшып ақырын.
Тарам-тарам ақ бұлттардан,
Өлеңіңді оқыдым.**

**Мен де сіздей жырды сүйіп,
Тербеу үшін ғаламды,
Жанға өлеңнің нұры сыйып,
Қолыма алдым қаламды.**

МӘҢГІ СӨЗ

**Төкші, бабам, қасымда қалшы, бабам,
Жырларынан жаңбыр-ой тамшылаған.
Сан ғасырға сөзінің оты сөнбей,
Өлеңімен өз жұртын қамшылаған.**

**Ақындарды Тәңірім жебері анық,
Жебері анық, жыр-бұлақ келеді ағып.
Қызы менен қазақтың ұлы оқысын,
Қасиеттен мәңгілік өнеге алып!**

Біржан АХМЕР



МАЗМҰНЫ

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ.....	3
ЖАЗҒЫТҰРЫ ҚАЛМАЙДЫ ҚЫСТЫҢ СЫЗЫ.....	14
АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНЕН.....	21
МҰРАЖАЙДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР.....	31
АБАЙ ІЗІМЕН. <i>Б.Ахмер</i>	41

Кітапты безендіру үшін қолданылған суреттердің авторлары:

Ә.Қастеев, М.Алиакпаров, К.Шаяхметов, Л.Леонтьев,
А.Ғалымбаева, М.Беляев, М.Кенбаев, Ү.Әжиев,
О.Волощук, К.Баранов, С.Романов, А.Кениг,
Н.Крутильников, С.Пожарский, Ж.Шарденов.

Кітаптағы суреттер Абай музейінің қорынан алынған

Абай Құнанбайұлы

АТА-АНАҒА КӨЗ ҚУАНЫШ

Құрастырушылар: Б. Ахмер, М. Абламбаева

Жалпы редакциясын басқарған – Б.Жүнісбеков
Редактор – М.Қайрамбаева
Техникалық редактор – Ж.Байгаскина,
Ә.Мұратқанова

ISBN 978-601-03-0533-5



ИБ№ 19

Басуға 17.05.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆.
Қаріп түрі «Times New Roman» Көлемі 3.5 ш.б.т.
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 29

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

